ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ»

атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы

Сборник трудов Международной научно-практической конференции

# «ОБ ИНТЕГРАЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ОСНОВ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ СПОСОБНЫХ К КОНКУРЕНЦИИ»

Materials of international scientific and practical conference

# «ON INTEGRATION OF COMPETITIVE SPECIALISTS TRAINING BASICS INTO TEACHING PROCESS»

## I ТОМ

Шымкент 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

# «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ»

атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының жинағы

*I ТОМ*

Сборник трудов Международной научно-практической
конференции **«ОБ ИНТЕГРАЦИИ В ПРЕПОДОВАНИИ ОСНОВ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ СПОСОБНЫХ К КОНКУРЕНЦИИ»**

*ТОМ I*

**«Materials of international scientific and practical conference» ON INTEGRATION OF COMPETITIVE SPECIALISTS TRAINING BASICS INTO TEACHING PROCESS".**

*VOLUME 1*

Шымкент, 2016

УДК 378:001
ББК 74.58
Б 94

## ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ
## СОСТАВ ОРГКОМИТЕТА

| | | |
|---|---|---|
| **Оңалбек Ж.К.** | - | төраға, педагогика ғылымдарының докторы, профессор |
| **Боранбаев С.Р.** | - | төраға орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор |
| **Қыстаубаев Е.И.** | - | төраға орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты, доцент |
| **Күздеубаева А.Б.** | - | педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент |
| **Жылысбаева А.Н.** | - | химия ғылымдарының кандидаты, доцент |
| **Утебаева А.Т.** | - | педагогика ғылымдарының кандидаты, конференцияның жауапты хатшысы |
| **Қожабекова Р.Т.** | - | филология ғылымдарының кандидаты, конференцияның жауапты хатшысы |
| **Шуланбек Ж.** | - | көркемдеуші дизайнер |

**Б 94 «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы І ТОМ. «Әлем» баспасы. - Шымкент, 2016. – 388 бет.

Сборник трудов Международной научно-практической конференции **«ОБ ИНТЕГРАЦИИ В ПРЕПОДОВАНИИ ОСНОВ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ СПОСОБНЫХ К КОНКУРЕНЦИИ».** ТОМ І. Типография «Әлем». - Шымкент, 2016. – 388 стр.

**«Materials of international scientific and practical conference» ON INTEGRATION OF COMPETITIVE SPECIALISTS TRAINING BASICS INTO TEACHING PROCESS".** VOLUME 1. Typography «Alem». – Shymkent, 2016. – 388 page.

**ISBN 978-9965-07-765-4**

**«Білім беру жүйесін интеграциялау жағдайында бәсекеге қабілетті маман дайындау негізі»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағында филология, педагогика және психология, әлеуметтік-қоғамдық, өнер және мәдениет, экономика, жаратылыстану, биология, экология, денешынықтыру ғылымдары салаларындағы ғылыми мақалалар қамтылған. Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері. Еңбектер жинағы ғылыми қызметкерлерге, магистранттарға, колледж оқытушыларына, мұғалімдерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

УДК 378:001
ББК 74.58

ISBN 978-9965-07-765-4

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2016 ж.
Академиялық инновациялық институты, 2016 ж.

## ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!
## ҚАДІРМЕНДІ ҚОНАҚТАР!

«Білім беру жүйесін интеграциялау жағдайында бәсекеге қабілетті маман дайындау негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ашуға рұхсат етіңіздер.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер мен болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу – көкейкесті мәселе болып табылады. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады.

Жоғары білім-маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлғаны қалыптастырады. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгерді.

Еліміздегі жоғары білімді дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларына, Білім туралы заңға, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арналға «Қазақстан - 2030» жолдауына негізделеді. Бұл құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасындағы жоғары білім мемлекеттің ұзақ мерзімдік бағдарламасы арқасында ерекше орын алады. XXI ғасырдың шынайы кілті жаһандану білім саласына да келіп жетті. Соның арқасында әлемдік экономиканың интеграциялануы, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы оның пайдалану өрісінің кеңейгені белгілі. Негізгі мектептегі білім алу ғылымының іргетасы және мемлекет дамуының алтын қазығы екені белгілі.

Тәуелсіз еліміздің кезең-кезеңмен атқарып жатқан білім саласындағы іс-шаралары мемлекеттің өркениеттілігі мен зор қуатының ізденісін аңғартады. Жаһандану заманында интеллектуалды азамат қалыптастыру, қойылған міндеттер бойынша жастардың дүниетанымын өзгертіп, олардың жаңаша ойлау қабілетін арттыруға, білімге деген құштарлығын оятуға, Отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағытталып отыр. Бәсекеге қабілетті азаматтарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын, мәдениетін алға тартатын күш ретінде орнықтыруға да байланысты.

Бүгінгі басты талап – білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман дайындау болып табылады.

**Конференция жұмысында шығармашылық сәттілік тілеймін.**

**Конференцияны ұйымдастыру алқасының төрағасы, п.ғ.д.,профессор**
**Оңалбек Жарылқасын Керімбекұлы**

- Қазақстан Республикасының азаматтарының шетелдерде болуы кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қоғамның тіршілік әрекетінде дұрыс экологиялық жағдайларды ұстану.

Бүгінгі күннің болмысын талдау, Қазақстанның қолайлы сыртқы саясаттық жағдайда екені туралы айтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы барлық ядролық қарулы державалардан қауіпсіздік кепілдігін алды, 1992 жылғы Ташкенттік Шарт негізінде әскери - саясаттық блоктың қатысушысы болып табылады, еуропалық және азиялық елдермен өзінің қатынасын белсенді түрде дамытуда. Қазақстанның қазіргі әскери саясатының басымдылығы оның халықаралық міндеттемелерімен, ядросыз мемлекет статусымен және геосаясаттық жағдайымен анықталуы керек.

**Кілт сөздер:** концепция, стратегия

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1.Исингарин Н. Казахстан и интеграционные процессы //Безопасность, дипломатия и международное право: Материалы международной региональной конференции. Астана, 18-19 января 2001г. / Дипломатическая Академия Евразийского государственного Университета имени Л.Н. Гумилева. Под ред. М. Жолдасбекова. -Астана: ФинЭк, 2001. - С.142.

2.Назарбаев Н.А. Казахстан - 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана // вечерний Ал маты. - 1997. - С.3.

3 Абенов Е., Спанов М., Перметов С. К проблеме национальной безопаснос ти Казахстана // Евразийское

4 Бакаев А., Едилова Д. Безопасность Казахстана в современных условиях // Мысль. 2001.-№3.-С. 21.

***Резюме***

В данной статье рассматривается стратегия структуры безопасности Казахстана и принципы ее формирования

***Summary***

This article discusses the structure of the security strategy of Kazakhstan and the principles of its formation



**МАЗМҰНЫ**

**А.Б.Куздеубаева., Б.Әбдіқадіров**
ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ........ 4

**Абилгазиева Ж.Е. Искандарова Г.А.**
КӘСІПОРЫННЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МӘНІ, МАҚСАТЫ, МАЗМҰНЫ........ 7

**Abilova Aliya Turusbekovna, Karabayeva Laura Koshkarbayevna**
ORGANIZATION OF THE GAME ACTIVITIES AT THE ENGLISH LESSONS........ 10

**Abilova Aliya Turusbekovna., Karabayeva Laura Koshkarbayevna**
DEVELOPMENT OF CREATIVE ACTIVITY OF SENIOR PUPILS WITH THE USAGE OF EDUCATIONAL GAME AT THE ENGLISH LESSONS........ 16

**Айдарова Ж.Ә, Утебаева А.Т.**
БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. 20

**Ертаев Е.Ж., Айдосов Б.Ш.**
ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КӨЗДЕРІ........ 22

**Акенова Э.,Утебаева А.Т.**
ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСПЕУШІЛІКТІҢ АЛДЫН-АЛУ ........ 25

**Алимбаева И.,Утебаева А. Т.**
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ........ 27

**Қ.Амандыкова М.К.Ерманқұлов., Имашев Б.Е.**
ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ ТҮСІНІГІ........ 30

**Қ.Амандықова., М.К.Ерманқұлов.,Имашев Б.Е.**
ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ ТҮСІНІГІ........ 32

**Аталова Ж.Б., Керимбаева Д.Е.**
КОМПОЗИЦИЯ И ПОЭТИКА ВОЛШЕБНОЙ СКАЗКИ........ 35

**Ауезов К.Н., Шайық Ө.**
МЫРЫШ МИКРОЭЛЕМЕНТІНІҢ ЖҮГЕРІ ДАҚЫЛЫНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ........ 39

**Байдыбек А., Утебаева**
ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ.. 40

**Дуйсембекова Г.Р., Бекбол М.,**
ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ РК..... 44

**Бекпенбетова Лаззат Балдагожаевна**
М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ ..... 47

**Исахметова А.Н., Бердалиев Б.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ ..... 50

**Болғанбаев А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ ..... 54

**Ділдабекова Р.Н.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК-КОММУНИКАЦИЯ КЕШЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ ..... 56

**Ералиева Мәдина Сүгірәліқызы,**
ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНДЕГІ АУДАРМАТАНУ МӘСЕЛЕСІ МЕН ОНДАҒЫ КОНГУРЕНТТІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ ..... 59

**Есмурзаева Лазда Абсадықовна**
БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ТИІМДІЛІГІ ..... 63

**Jaishibayeva Alya., Tassanbayeva Z.R.**
MODERN COMMUNICATION SPACE AND UNIVERSAL INTERACTION CODE ..... 67

**Жандарбекова А., Аширов Ш.А.**
1970-1980 ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР ..... 70

**Жаппарова Ғ.А.**
ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТАЛДАУ ..... 72

**Жигитекова Айгерим Талгатовна**
ЭТНИКАЛЫҚ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ..... 74

**Жигитекова Дана Талғатовна**
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНДА ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ..... 77

**Абилгазиева Ж., Жолбаева М.**
САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ІШКІ АУДИТ БӨЛІМДЕРІН ҚҰРУ ..... 80

**А.Жолшиев., М.К.Ерманқұлов., А.Бижанова**
ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ..... 83

**А.Жолшиев, М.К.Ерманқұлов, А.Бижанова.**
ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ..... 85



**Жумагулова Н.Ж. магистрант, Қожабекова Р.Т.**
«ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ЖАУҺАРЛАР» ..... 88

**Жұмашева А., Қыдырбаева А.Е.,**
БИОТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ЖҮГЕРІ ӨСІМДІГІНІҢ ӨСІП-ДАМУЫНА ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТАҒЫ ГУМУСТЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ ..... 90

**Зайниддинов Муминжан Шухратұлы**
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ФИЗИКА КУРСЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ ..... 93

**Зайниддинов Муминжан Шухратұлы магистрант**
ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА Flash ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ..... 97

**Зияева Ш. О.**
ИЗУЧЕНИЕ ВОСТОЧНОЙ ЛЕКСИКИ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ ..... 101

**Интыкбаев А.А., Мамыкова Р.У.**
РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПАСТБИЩ ПРИ КРУГЛОГОДОВОМ ТАБУННОМ СОДЕРЖАНИИ ЛОШАДЕЙ В ЮЖНОМ РЕГИОНЕ ..... 105

**Интыкбаев А.А., Мамыкова Р.У.**
МОЛОЧНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ И КАЧЕСТВО МОЛОКА КОБЫЛ, РАЗВОДИМЫХ В ЮЖНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА ..... 107

**Ирсалиева Г.,Бердибаев О**
СТУДЕНТТЕРДІҢ КОЛЛЕДЖДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ ..... 109

**Исахметов Ә.Т.**
ГЛОБАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ ..... 111

**Оразбаева А.Б. Искандарова Г.А.**
КӘСІПОРЫНДА САЛЫҚ ЕСЕБІ МЕН САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ..... 114

**Кабдуалиева Г.,Бердибаев О**
ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ҚОЛӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ ..... 117

**Кабдуалиева Г.М.,Бердибаев О**
ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ ..... 120

**Кабильдина Н.Д., Бердибаев О**
БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ ..... 123

**Кабильдина Н.Д.,Бердибаев. О.**
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ШЫҢДАЛУЫНА ӘСЕРІ........ 126

**Қадырова М.Ш.,**
ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРНЕТ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ........ 129

**Кайшыбекова А.Н.,Бердибаев О**
БАЛАЛАРДЫ ОҚУҒА ДАЯРЛАУДАҒЫ ПСИХОЛОГТЫҢ ӘСЕРІ........ 134

**Кайшыбекова А.Н.,Утебаева А.Т.**
БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........ 136

**Калиева Н.М. ,Кожабекова Р.Т**
«ШЫҒАРМАДАҒЫ АДАМ БОЛМЫСЫН СУРЕТТЕУДІҢ ТІЛДІК ТҰРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛУЫ»........ 139

**Б.Қалмырза., М.К.Ерманқұлов.,Сатпаева А.**
ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТҮСІНІГІ МЕН ҚР ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА СИПАТТАМАСЫ........ 142

**Б.Қалмырза., М.К.Ерманқұлов., Сатпаева А.**
ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢ ТИМДІЛІГІН АРТТЫРУ........ 144

**Karabayeva Laura Koshkarbaevna ., Abilova A. teacher of Nazarbaev**
THE ROLE OF INFORMATIONAL TECHNOLIGIES IN FORMING OF THE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF FUTURE SPECIALISTS ENGLISH LANGUAGE........ 147

**Оразбаева А.А., Карманова А.**
КАПИТАЛДЫ ТАЛДАУДЫҢ МӘНІ МЕН ӘДІСТЕРІ........ 151

**Кеңесова П.,**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ........ 154

**Керимшеева Б.Р., Бердибаев О**
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БОЛДЫРМАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ........ 158

**Керимшеева Б.Р.,Бердибаев О**
МЕКТЕПТЕ ҚЫЛМЫСКЕРЛІКПЕН ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІҢ АЛҒАШҚЫ ПРОФИЛАКТИКАСЫ........ 161

**Кожабекова Сымбат Тұрсынзадақызы**
«ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА РУХАНИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ»........ 164

**Кожабекова Сымбат Тұрсынзадақызы**
РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚТАРДА ДАМЫТУ........ 167

**Қожахметова Жансая, СатбаеваАйжан, Байтерекова Камшат**
САЛЫҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........ 171



**Қожахметова Жансая, СатбаеваАйжан, Байтерекова Камшат**
САЛЫҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАР ҮШІН ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ЖАЗАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........ 174

**Абилгазиева Ж.Е., Козбахова М.К.**
ХҚЕС СӘЙКЕС ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ........ 176

**Қ.А.Қонысбаева,Ж.К.Оңалбек**
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТӘРБИЕСІ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОСПАРЫ.. 179

**Жоргатаева Н.А, Косаурова А.К,**
ПРОДУКТИВНОСТЬ ОВЕЦ ЮЖНОКАЗАХСКИХ МЕРИНОСОВ........ 182

**Кунбаева Райхан, Кубайдарова Жанбота Сериковна**
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ САЛАСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР........ 184

**Құралова А.**
КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ -ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ҮЛГІ ТҰТАРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ........ 186

**Құрбанов Бакытжан Саимұлы, Имашев Ботабек Есенбекович**
КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ........ 188

**Курмабаева Патима**
LYRIK IM FREMDSPRACHENUNTERRICHT........ 193

**Абилгазиева Ж.Е., Танабаева Г., Құтымханқызы Ш.**
АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ОТАНДЫҚ АУЫЛДЫҚ АУДАНДАРДЫ ДАМЫТУДА ҚОЛДАНУ........ 196

**Рисимбетов Т.Қ., Қыстаубаева Э.Қ.**
ҚҰСХАНАЛАРДЫҢ МИКРОКЛИМАТЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШ ТАУЫҚТАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ........ 199

**Төлентаев М.С., Қасымова Ә. Ө.**
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОРАЛМАНДАРДЫҢ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР........ 203

**Лесов Д.**
ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ........ 206

**Ли С.А. Акрамова В.И.**
ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН........ 208

**Мамелекова М.Б., Шайық Ө., Турметова Г.**
ТОПЫРАҚ ҚАБАТЫНДАҒЫ ЫЛҒАЛ ҚОРЫНЫҢ ӨҢДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРУІ........ 212

**А.Б.Куздеубаева, Ж.Марайім**
БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ....... 214

**Маханова Ж.С., Сапарбаева Б.Б.**
DIFFERENT APPROACHES TO INTERTEXTUALITY STUDIES....... 217

**Маханова Ж.С.**
POSSIBLE WORLDS IN FICTION LITERATURE....... 219

**Махатаева Д.А., Ермаханова А.Е., Конратбаев А.А.**
ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ІЗДЕНУ ЖОЛЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ӨЗІНДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ....... 220

**Махатаева Д.А. Канибекова Ж.К.,Конратбаев А.А.**
БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ УНИВЕРСАЛДЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫН БАҒАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН КРИТЕРИІ....... 223

**Медетов Алимардин, Сатбаева Айжан, Байтерекова Камшат**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ……… 225

**Медетов Алимардин., Сатбаева Айжан., Байтерекова Камшат**
САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ……… 228

**Мухамедкалиева М.А.,Бердибаев О**
ОҚУШЫЛАРДЫ ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ....... 231

**Мухамедкалиева М.А.**
ОҚУШЫЛАРДЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ....... 223

**Мухитдинов Н.М., Аметов А.А., Курманбаева М.С.**
СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ӨСІМДІКТЕР ЦЕНОПОПУЛЯЦИЯЛАРЫ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОНЦЕПТУАЛЬДЫ НЕГІЗІ....... 236

**Мырзалипов Бакытжан Мырзалипович,Айтбаев Қайрат Ташкулович**
СОТТАҒЫ ПРОКУРОРДЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ЖАҒДАЙЫ....... 239

**Мырзалипов Бакытжан Мырзалипович, Айтбаев Қайрат Ташкулович**
ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ СОТТА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ ТҮСІНІГІ, МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ....... 242

**Нарымбетова А.О.,Бердибаев О**
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ....... 244

**Нарымбетова А.О., Бердибаев О**
АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ....... 248

**Нәсір Болат Қалдарбекұлы, Бижанова Айгул Рабханқызы**
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ИПОТЕКАСЫНЫҢ ҰҒЫМЫ....... 250



**Нәсір Болат Қалдарбекұлы, Бижанова Айгул Рабханқызы**
ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ....... 253

**Нәсір Қанат, Рахметова Гулшат Рахметқызы**
БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ....... 255

**Нәсір Қанат, Рахметова Гулшат Рахметқызы**
ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МӘЖБҮРЛЕУДІҢ МАҚСАТТАРЫ, НЕГІЗДЕРІ....... 259

**Наурызбаева М.С.**
ENGLISH VERB SUBCLASSES DIVISION....... 263

**Наурызбаева М.С.**
THE CATEGORY OF TENSE IN ENGLISH AND KAZAKH....... 265

**А.Б.Куздеубаева, Г.Нуржаутов**
МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ШАРТТАРЫ....... 267

**А.Б.Куздеубаева, А.Нуридинов**
БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ МАЗМҰНЫН ЖОБАЛАУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ....... 269

**Дуйсембекова Г.Р., Нурлыбаев Б.У.**
ҚР АУТСОРСИНГ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЖЕЛІЛІК ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУДЫ ТЕРЕҢДЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ....... 271

**Нышанбаева Акмарал**
ЭПИСТОЛЯРНЫЙ ЖАНР В ИСТОРИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ....... 274

**Omarova Alia., Tassanbayeva Z.R.**
PHRASEOLOGICAL UNITS AND PROVERBS AS A SOURCE OF CULTURAL VALUES INFORMATION....... 277

**Ертаев Е.Ж., Оңалбекова А.**
НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕГІ ТҮСІНІГІ, МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ....... 280

**Орынбаев Р. Леубаев М.П.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІНДЕГІ САЯСИ АХУАЛ СИПАТЫ....... 283

**Абдурахманов Н.А., Орынбасарқызы Индира**
М.Х. ДУЛАТИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР....... 286

**Пиримжанова М.М.**
XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҰЛТ ТІЛІНДЕГІ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ....... 289

**Рысбаева Саттигуль Клышбековна** 293
БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖҮЙЕСІНДЕ ДАЙЫН ӨНІМДІ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

**Рыспаев Ерлан Мербақытұлы**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАУЛАР ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҮРДІСТЕРІ ........ 296

**Сапарбаева Балжан., Тасанбаева З.Р.**
THE CULTURAL MARKERS OF THE TEXT ........ 300

**Сарыбаев Нұрлыбек., Шайбеков К.А.,Байтерекова К.Б.**
ҚЫЛМЫСТЫ САРАЛАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ ........ 302

**Сарыбаев Нұрлыбек., Шайбеков К.А.,Байтерекова К.Б.**
ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫ САРАЛАУДА АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ ........ 306

**Сатыбалдиева Э.П.**
ИССЛЕДОВАНИЕ ИМЕН СОБСТВЕННЫХ В ЛИНГВИСТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ... 310

**Аширов Ш.А., Сахитжанов О.О.**
XX ҒАСЫРДЫҢ I-III ЖАРТЫСЫНДА ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАРУЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР. 313

**Seitova Perizat**
TO THE PROBLEM OF LANGUAGE AND CULTURE INTERRELATION ........ 316

**Сматов Еркін, Шайбеков К.А.,Байтерекова К.Б.**
ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ ........ 319

**Сматов Еркін, Шайбеков К.А., Байтерекова К.Б.**
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ БҰҰ-НЫҢ АТҚАРАТЫН РОЛІ..... 322

**Төребаев О.А., Спатаев Н.Т.**
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР ........ 325

**А.Б.Куздеубаева, Н. Срайлов**
ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ ........ 328

**Азиев Т.Р., Тастаев Азат Құрманғазыұлы**
ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ........ 331

**Тастамбекова Мадина Мухтаркызы, Шайбеков Кемелхан Асанбекович**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ ........ 333

**Тастамбекова Мадина Мухтаркызы, Шайбеков Кемелхан Асанбекович**
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ ........ 338



**Токзакбаев Бауыржан Женісович, Паридинова А.**
ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН ЖАЛПЫ СИПАТТАУ ........ 342

**Токзакбаев Бауыржан Женісович, Паридинова А.**
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІҢ ӘСКЕРИ СОТТАРДА ҚАРАЛУЫНА ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РӨЛІ ........ 347

**Туркебаева А.**
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ ........ 350

**Уразбаева Ж.А.**
ОҚУШЫЛАР ҰЖЫМЫ–МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ ........ 352

**Файзулла Ұлықбек, Рахметова Г.Р.**
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ЖОЛДАРЫ ........ 355

**Файзулла Ұлықбек, Рахметова Г.Р.**
КӘМЕЛЕТ ЖАСЫНА ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ ЖАҢА ЗАҢДАРДЫҢ ҚОРҒАУЫНДА ........ 360

**Дуйсембекова Г.Р., Чжао Мын-Хва**
МЕТОДЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ УСТОЙЧИВОСТИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ СТРУКТУР В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОГО КРИЗИСА ........ 363

**А.Ж. Чилдибаева, С.Т. Назарбекова, А.Т. Қуатбаев**
БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН КӨЛЕМДІ ПРАКТИКУМ САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАРЫ........ 367

**Шойбекова Жанар**
XIII-XIV ҒАСЫРЛАРДА ВЕНГР КОРОЛЬДІГІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР..... 370

**Шойынбаева Б., Керимбаева Д .**
ОПИСАНИЕ И ХАРАКТЕРИСТИКА «РОССИЙСКОЙ ГРАММАТИКИ» М.В.ЛОМОНОСОВА ........ 372

**Шойынбаева Б.**
«ПЕРВАЯ РУССКАЯ ГРАММАТИКА М.В.ЛОМОНОСОВА» НА РОДНОМ ЯЗЫКЕ ........ 374

**ШҰҒАЕВА Б., Леубаев М.П.**
ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ ........ 376

*Резюме*
В данной статье рассматривается Педагогические условия привлечения учащихся к искусству
*Summary*
Pedagogical terms of bringing in students to the art

**Ә.О.Ж. 574.3; 582.4 (574)**

## СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ӨСІМДІКТЕР ЦЕНОПОПУЛЯЦИЯЛАРЫ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОНЦЕПТУАЛЬДЫ НЕГІЗІ

**б.ғ.д., профессор Мухитдинов Н.М., б.ғ.к., профессор Аметов А.А., б.ғ.д., профессор м.а. Курманбаева М.С.**
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттык университеті**

Адамзат ерте заманнан бері өсімдіктер және жануарлардың жеке түрлеріне, сондай-ақ олардың қауымдастықтарына әсерін тигізе отырып, қоршаған ортаға әсер етіп келеді. Ландшафттардың қалаларға және елді мекендерге, ауылшаруашылық алқаптарына және өнеркәсіптік кешендерге айналуы жалпы құрлықтың 20% қамтиды. Ерте заманнан бері адамдар жерлерді жыртты және ормандарды кесті, мал бақты және қалалар салды. Мұның барлығы да қажет, алайда барлығы да табиғатқа әсер етті. Жердегі бүкіл тіршілік эволюциясы барысында бір түр жойылатын болса, оның орнына басқа бір түрдің пайда болатындығы белгілі. Алайда, қазірде түрлердің жойылуы жаңа түрлердің пайда болуымен салыстырғанда өте жоғары қарқындылықпен жүзеге асуда. Егер осы қарқын сақталатын болса, ғалымдардың болжауы бойынша, адамдар жақын жүз жылдықта біздің ғаламшарымыздағы эволюцияны нақты тоқтатады. Адамдар үшін мұның барлығының салдары қаншалықты күрделі болатындығын қазір елестетудің өзі қиын.

Қазіргі заманның басты проблемаларының бірі ретінде генетикалық алуантүрлілікті - биологиялық түрлердің барлығын түгелдей сақтау қарастырылған, себебі олардың жойылуы қайтымсыз процесс болып табылады. Ластаған суды тазартуға, кесілген ағаштың орнына басқасын отырғызуға болады. Бірақ, бір түрдің соңғы дарағы жойылып кететін болса, оны қайтаруға болмайды. Онымен бірге оның генофонды – түрдің түзілуінде маңызды және бір ұрпақтан екіншісіне беріліп отыратын генетикалық ақпарат та жойылады. Бұл жойылу абсолютті және үзілді-кесілді және тіпті гендік инженерияның өте күшті фантастикалық болжамдарын жасаған күннің өзінде жоғалған гендерді «құрастыру» мүмкін емес. Өсімдіктер, жануарлар, микроорганизмдер, топырақ - бірегей табиғи механизм. Оның әрбір элементі және әрбір байланысы уақыт сынағынан өткен. Миллиондаған жыл эволюциялық процесстер қалыптасқан. Жақсы жинақталған механизмдегі секілді кез-келген белгілерінің жоғалуы соңында механизмнің сынып, бұзылуына алып келеді. Сол сияқты табиғаттағы кез-келген түрдің жоғалуы қандай да бір жолмен басқаларына өз әсерін тигізеді. Алғашында бұзылыстар әлсіз болады, аз байқалады, локальды сипатқа ие болады, бірақ кейін олар табиғи кешеннің бұзылуына алып келеді. Сонымен, басқаша айтқанда түрлік алуантүрлілікті толық сақтау - біздің ғаламшарымыздың табиғи ортасын сақтаудың қажетті шарты болып табылады. Осыны жас мамандар дұрыс түсініп, осы мәселені дұрыс шешуге белсенді қатысса екен дейміз. Алуантүрлілікті әсіресе сирек өсімдіктер түрлерін сақтау үшін оларды сақтаудың стратегиялық концептуальды негіздерін игеріп, оны дұрыс пайдалана білу қажет [1].

Қазақстанда қазіргі уақытта өсімдіктердің 303 түрі заңмен қорғалады. Олар Қазақстан Қызыл кітабының бірінші басылымына енгізілген. Қазақстан Қызыл кітабының екінші басылымында ол 84 түрге артқан. Сонымен, барлығы 387 жоғары және төменгі сатыдағы өсімдіктер түрлерін құрады [2].

Сирек түрлерді сақтау стратегиясының концептуальдынегіздеріне мыналар жатады:

1. Түрдің биологиялық параметрлері, оларды талдау және бағалау;



2. Шектеуші факторлар: сипаттамасы және классификациясы;
3. Сирек түрлерді сақтау және мониторингісін жасаудың ғылыми негізін білу;
4. Сирек түрлердің мониторингі;

Енді осыларға қысқаша тоқталып өтейік.

1.Түрдің биологиялық параметрлері, оларды талдау және бағалау. Биологиялық параметрлер дегеніміз популяциялардың саны, өсімталдығы, құрылымы және т.б. Бұл көрсеткіштерді талдау және бағалау әр түрдің биологиялық сипаттамасын жасап, белгілі бір уақыт аралығында және жағдайда оның өзгешелігін анықтауға мүмкіншілік береді. Әрбір түр – бірегей биологиялық және систематикалық бірлік (жүйенің негізгі таксоны), ол ұзақ эволюцияның процессінде қалыптасқан, сондықтан тиісті тіршілік ортасының экологиялық жағдайына ерекше бейімделу жиынтығына ие болған. Бейімделу жиынтығы әрбір нақты түрдің биологиялық параметрлерімен анықталады, ол сол түрдің белгілі уақытта, кеңістікте үздіксіз тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Түрдің биологиялық параметрлеріне нелер жататындығы туралы жоғарыда айтылды. Ол көрсеткіштерді зерттеудің ғылыми-әдістемелік маңызы туралы біздер өткенде жазғанбыз [3]. Сондықтан оларды бұл жерде қайталамай-ақ қоямыз.

2.Ортаның шектеуші факторлары деп түрдің биологиялық параметрлеріне кері әсер ететін сыртқы факторларды айтамыз. Ол факторлар түрді деградацияға ұшыратып, кейде тіпті түгел жойып жіберуі мүмкін. Әрбір лимиттеуші фактор – интегралды түсінік, ол бірнеше индикативтік көрсеткіштерге әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрбір шектеуші факторды талдап және бағалау өте үлкен жауапкершілікті талап ететін күрделі минус.

3.Сирек түрлерді сақтау және мониторингісін жасаудың ғылыми негізі. Сирек түрлерді сақтау және мониторингі стратегиясы негізінде олардың биологиясын білудің жиынтығы жатады. Бірақ, сирек түрлерді зерттеу оңай мәселе емес. Өйткені, оларды зерттеу әдеттегі түрлердің биологиясы стандартты іргелі зерттеулерден айырмашылығы бар. Соған байланысты сирек түрлерді зерттейтін арнайы әдістер бар [4].

Мониторинг негізі тұрақты, үздіксіз бақылау екендігін еш уақытта ұмытпау керек және бұл бағыттағы жұмыстарды антропогендік тіршілік әсерінен аз өзгерген және қазіргі кезде пайдаланылмайтын территорияларда жүргізілуі керектігін, яғни экологиялық бүтіндігі және тұрақтылық сақталған жерлерде жүргізу керек екендігі өте маңызды. Мұндай территорияларға әрине Қазақстанның мемлекеттік қорықтары жататындығы және ол жерлерде тұрақты жоғары дәрежелі кәсіби мамандар бар екендігі белгілі. Сирек өсімдіктерді табиғатта қорғау және сақтау үшін, ол өсімдіктердің ценопопуляцияларының санын, тығыздығын, онтогенетикалық құрамын зерттеп білу, олардың қазіргі жағдайына баға беру керек. Ценопопуляция дегеніміз фитоценоз контуры шекараларындағы өсімдік түрлерінің барлық дарақтарының жиынтығы. 1-суретте ценопопуляцияның популяция жүйесіндегі орны көрсетілген.

Міне осы қатарда осы кездегі геоботаниканың негізгі объектісі ценопопуляция өзінің орнын табады. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сирек түрлерді зерттеуде популяцияның ішкі және аралық дифференциациясы және оларды қорғау мен экологиялық тепе-теңдігін камтамасыз ету ұсыныстарын жасау керек.Сонымен қатар, морфо-анатомиялық ерекшеліктерін, генетикалық алуантүрлілігі параметрлері мен ценопопуляциялық сипаттамасын ескере отырып, сирек кездесетін өсімдіктер түрлерінің ценопопуляциялық жағдайын бағалау қажет. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

1. Зерттелетін өсімдік түрлерінің кездесетін аймақтары, ареалы, экологиясы, биологиясы туралы мәліметтерге талдау жүргізу, экспедициялық бағыттардың жоспарын, ПЦР үшін концентрацияның тиімділігі мен праймердің дизайнын жасау;

1. Сирек өсімдіктер ценопопуляцияларын іздеу және олардың эколого-ценотикалық ұштастығын анықтау, осы өсімдік түрлері қатысатын өсімдік бірлестіктерінің флоралық құрамын зерттеу, жастық спектрін анықтау, ценопопуляциялардың тиімді репродуктивтік және жалпы санын анықтау, зерттелетін өсімдік түрлері өнімділігінің тұқым өнгіштігін бақылау;




Сурет 1 - Ценопопуляцияның популяция жүйесіндегі орны

2. Зерттеуге алынған өсімдіктердің генеративтік және вегетативтік мүшелерінің морфо-анатомиялық белгілерінің биометриялық көрсеткіштері өзгергіштігінің ерекшеліктерін зерттеу және айқындау;

3. Зерттеуге алынған өсімдіктердің популяцияларындағы популяция аралық дифференциацияның деңгейін және генетикалық алуантүрлілігін анықтау;

4. Генетикалық алуантүрлілік параметрлері, морфо-анатомиялық ерекшеліктері, ценопопуляцияның жастық спектрі, сандық көрсеткіштері негізінде зерттелген өсімдіктер ценопопуляцияларының жағдайын кешенді бағалау және экологиялық тепе-теңдік жағдайын қамтамасыз ету үшін, зерттелген өсімдіктер түрлерінің ценопопуляциясын сақтауға ұсыныс жасау.

Сирек өсімдіктер ценопопуляцияларын қорғау және сақтау мақсатында жүргізілетін зерттеу жұмыстарымен айналысатын мамандар осы мақалада келтірілген мәселелерді дұрыс түсініп, әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүргізсе екен деп тілейміз.

**Оценка состояния ценопопуляций редких видов растений и о правильном методическом подходе к этой проблеме**

**Аннотация**

В статье обосновывается актуальность поднимаемой проблемы и говорится о концептуальных основах стратегии сохранения редких видов растений. В частности говорится о биологических параметрах вида, их анализе и оценке, о лимитирующих факторах, о научном обеспечении сохранения и мониторинга редких видов. Для достижения поставленной цели авторами предлагаются конкретные задачи для комплексной оценки состояния ценопопуляций на основе показателей численности возрастного спектра ценопопуляций, морфо-анатомических особенностей и парметров генетического разнообразия и разработка рекомендаций по сохранению ценопопуляций редких видов растений для обеспечения равновесного экологического состояния.

**Abstract**

The article shows the relevance of the raised problems and the conceptual foundations of a strategy for conservation of rare plant species. Specifically it about the biological parameters of the species, their analysis and assessment, the limiting factors, the scientific support of conservation and monitoring of rare species.To achieve this goal by authors proposed specific objectives for comprehensive assessment of investigated coenopopulations based on the number of indicators of



the age spectrum coenopopulations, morphological-anatomical features and parameter of the genetic diversity and the development recommendations for the conservation of rare plantspecies of coenopopulations to provide ecological statebalance.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Флирт В.Е., Смирнова О.В., Заугольнова Л.Б. и др. Сохранение и восстановления биоразнообразия. Москва: Изд-во научного и учебно-методического центра., 2002. 286 с.
2.Қазақстанның Қызыл кітабы, Том2., I бөлім Өсімдіктер. Астана, ЖШС «ArtPrintXXI», 2014.-452 б.
3.Мухитдинов Н.М., Курманбаева М.С., Ыдырыс А., Альмерекова Ш.С. Сирек өсімдіктер ценопопуляциясына қатысты дипломдық және магистрлік жұмыстар сапасын арттыруға арналған әдістемелік нұсқау// әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынстар факультетінің 20-жылдығына және халықаралық құқық кафедрасының 25-жылдығына арналған «ЖОО-дағы оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету: дәстүрлер мен жаңалықтар» атты халықаралық оқу-әдістемелік конф. материалдары. Алматы, 2015. - 99-102 б.
4.Злобин Ю. А., Скляр В. Г., Клименко А. А. Популяции редких видов растений:теоретические основы иметодика изучения. Сумы:Универ. Кн., 2013. 439 с.

ӘӨЖ 347.1(075)

**СОТТАҒЫ ПРОКУРОРДЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ЖАҒДАЙЫ**

**Мырзалипов Бакытжан Мырзалипович Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің магистранты**
**з.ғ.д., профессор Айтбаев Қайрат Ташкулович**

Кез келген дәрежедегі прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде шыға отырып, ҚР Бас прокурорының өкілі болып табылады, ол - қылмыстық азаматтық және өзге процестерде заңдылықты сақтаушы. Мемлекеттік айыпты қолдау кезінде ол қылмыстың істерді сотта қарау заңдылығын қадағалау міндетінен босатылмайды. ҚР Бас прокуроры прокурордың сотта қолдайтын мемлекеттік айыпты қылмыстылықпен күрестің әрекетті құралының бірі ғана емес, қылмыстық істерді соттарда қарау кезінде заңдылықтың орындалуын жүзеге асырушы нысанының бірі ретінде қарайды. Прокурор қадағалауды іс бойынша сот үкім, үйғарым немесе қаулы қабылдағанда ғана емес, сондай-ақ ол іс бойынша әлі ешқандай шешім шығарылмағанда да жүзеге асырады. Егер сот сотталушыға сот талқылауында оның құқықтарын түсіндірмесе, прокурор бұл заң бұзушылықтарға дереу шаралар қолдануға тиіс, бірак мұндай заң бұзушылықтарға байланысты ешқандай арнайы ұйғарым ұйғармайды, сондықтан наразылық келтіруге негіздер болмайды. Осыған байланысты прокурор бұл заңсыз және негізсіз ұйғарымға кейін наразылық келтіретін болғандықтан бұл заң бұзушылықтарға заңсыз үкім шығарылғанға дейін шаралар қолдануға құқылы емес. Қылмыстық іс жүргізу заңы прокурорларға сотқа басқа қатысушылардың алдында дәлелдемелерді ұсыну, оларды зерттеуге қатысу, өтініш беру бойынша ешқандай ерекшелік қарастырмайды (ҚПК 337-бабы) [1, 221].

Бірақ басқа сот талқылауына қатысушылардың құқықтық жағдайынан ерекшеленетін іс жүргізу жағдайына қояды. Бұл прокурордың артықшылығы емес, оған жүктелген міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға қажетті жағдай тудыру. Жәбірленуші өз атынан, ал қорғаушы - сотталушының және тергеуші мен соттың тағайындаулары бойынша шыға отырып, сот мәжілісінде жіберілген заң бұзушылықтарға шара қолдана алады, бірақ олар оны қолданбаулары да мүмкін. Заң оларға мұны істеуді міндеттемейді. Прокурор, заңның, мемлекеттің атынан шыға отырып, заң бұзушылықтарды кім жібергеніне қарамастан, оларды жоюға шаралар қолдануға құқылы ғана емес, әрі міндетті. Бұл жерде судьялардың, қорғаушылардың, жәбірленушілердің, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің бірыңғай құрамы жайлы сөз болуда. Өзінің қатысуымен прокурор, жәбірленушінің,